



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АТА ЗАҢНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ –
АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА



1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енді. Соған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа үндеу жасаған болатын. Президенттің елдегі елеулі жаңалыққа орай халыққа арнаған жылы лебізі, тілегі төмендегідей:

Құрметті отандастар! Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

(Жалғасы 3-бетте)



БЕЗБЕН

2026 жылдың 30 маусымы Қазақстанның саяси тарихында ерекше күн ретінде есте қалмақ. Осы күні VIII шақырылымдағы Парламенттің соңғы бірлескен отырысы өтті. Жиында сөз сөйлеген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жиынды кезекті сессияның жабылуы емес, «тұтас бір дәуірдің аяқталуы» деп бағалады.

ҚОШ, ПАРЛАМЕНТ!

Президенттің «Біз кезекті Парламенттік сессияны ғана аяқтап отырған жоқпыз. Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірге қорытынды жасап, ұлттық мемлекеттіліктің жаңа тарауын ашып отырмыз» деген сөзі дәстүрлі жиынның саяси салмағын дәл сипаттап берді. Бұл сөздердің астарында тек институттың ауысуы емес, мемлекеттік басқарудың жаңа философиясы жатыр. Өйткені 1996 жылдан бері елдің заң шығару билігінің негізгі институты болған қос палаталы Парламент өз миссиясын аяқтап, оның орнына жаңа Конституцияға сәйкес бір палаталы Құрылтай келмек.

Қазақстанның кәсіби Парламенті тәуелсіздіктің алғашқы күрделі кезеңінде дүниеге келді. Нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік институттарды қалыптастыру, ұлттық заңнаманы жасау, халықаралық құқық кеңістігіне бейімделу – мұның бәрі жаңа құрылған кәсіби Парламенттің мойнына жүктелді. Отыз жыл ішінде шамамен үш жарым мың заң қабылданды. Осының арасындағы жүздеген құжат депутаттардың өз бастамасымен әзірленді. Бұл – заң шығарушы биліктің уақыт өте келе тек Үкімет ұсынған жобаларды қарайтын орган емес, өз бастамасын ұсына алатын саяси институтқа айналғанының көрсеткіші. Осы кезеңде Азаматтық кодекс, Салық кодексі, Бюджет кодексі, Кәсіпкерлік кодексі, Әлеуметтік кодекс секілді мемлекеттің негізгі құқықтық құжаттары қабылданды.

Конституциялық реформалардың бәрі де Парламент қабырғасында талқыланып, заңдық тұрғыдан рәсімделді. Яғни, осы жылдары қабылданған заңдар мемлекеттің экономикалық моделін қалыптастырды, жеке меншікті қорғады, сот жүйе-

сін жетілдірді, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға жол ашты, әлеуметтік саясаттың негізін қалады.

Жалпы, Парламенттің әр шақырылымының өз тарихи міндеті болды. Алғашқы құрамдар мемлекеттің құқықтық негізін қалады. Кейінгі шақырылымдар экономиканы жаңғыртуға қызмет етті. Одан кейін әлеуметтік саясаттың жаңа кезеңі басталды. Соңғы жылдары цифрландыру, жасанды интеллект, дербес деректерді қорғау, адам құқықтары, отбасы институты, өңірлік даму, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері заңнаманың негізгі бағытына айналды.

Парламенттің тағы бір маңызды миссиясы – саяси мәдениет қалыптастыру болды. Осы мінберден жүздеген депутат өсіп шықты. Кейбірі министр болды, кейбірі әкім қызметіне барды, енді бірі қоғам қайраткеріне айналды.

Парламент пікірталас мәдениетін қалыптастырды. Заң жобаларын комитеттерде талқылау, Үкіметке депутаттық сауал жолдау, парламенттік тыңдаулар өткізу – мұның бәрі мемлекеттік басқарудың маңызды элементіне айналды. Әрине, сын да айтылды. Кей кездері Парламенттің дербестігіне қатысты сұрақтар қойылды. Депутаттардың заң шығару бастамасының жеткіліксіздігі, Үкімет ұсынған жобаларды басым қолдайтыны жөнінде пікірлер болды. Заң жобаларының талқилану сапасы, Парламенттің атқарушы билікпен арақатынасы, депутаттардың дербестігі жөнінде пікірталастар үзілген емес. Бірақ бұл да парламентаризмнің қалыптасу процесінің бір бөлігі еді. Осының арқасында Парламенттің кәсібилігі айтарлықтай өсті.

(Жалғасы 2-бетте)



ТАРАЗЫ

А. ЖҮКЕНОВ, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Құрметті профессоры, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы:

БОСТАНДЫҚТЫ ШЕКТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ
БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ
СОТ БАҚЫЛАУЫ
қазіргі жай-күйі, проблемалары және жетілдіру жолдары

Адам бостандығы – қазіргі құқықтық мемлекеттің ең басты құндылықтарының бірі. Мемлекеттің адамды негізсіз бас бостандығынан айырудан мінсіз қорғай алуына қарап қоғамның сот төрелігіне және мемлекеттік институттарға деген сенімі нығаяды. Азаматтардың бостандығы мен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығының негізгі конституциялық кепілдіктер қатарына жатуы кездейсоқ емес.

Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында қолданылатын бұлтартпау шарасы, ең алдымен қамауда ұстау болып табылады. Соңғы жылдары осы саладағы сот бақылауының рөлі едәуір күшейіп, тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін негізгі процессуалдық тұлғаға айналды.

Кеңестік модель элементтері
әлі де сақталуда

Құқықтық статистика деректеріне сәйкес, соттар қанағаттандырған қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттардың саны 2021 жылы – 11 587 (88,6%), 2022 жылы – 12 422 (82%), 2023 жылы – 11 530 (78,8%), 2024 жылы – 11 729 (76,4%), ал 2025 жылы – 11 028 (65,4%) болды. Тиісінше, бас тартулардың үлесі 2021 жылғы 11,4 пайыздан 2025 жылы 34,6 пайызға дейін өсті.

Әрине, бұл үрдіс сот бақылауының күшейгенін, соттардың қылмыстық қудалау органының уәжіне неғұрлым жоғары талаппен қарай

2-БЕТ



Өзгерістердің
табысты болуы
халықтың қолдауына
байланысты

5-БЕТ



Бас құжаттағы
басымдықтар

8-БЕТ



Балқаш пен
Алакөлдің
тартылуы табиғи
апатқа алып келеді

(Жалғасы 4-бетте)

БЕЗБЕН

ҚОШ, ПАРЛАМЕНТ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы шақырылымдарда депутаттардың бастамасымен әлеуметтік төлемдерден бастап кәсіпкерлік, бюджет, цифрландыру, адам құқықтары, отбасы институты секілді көптеген бағытта маңызды заңдар қабылданды

Мемлекет басшысы өз сөзінде мемлекеттік басқарудағы өзгерістерді әкімшілік реформа емес, жаңа тарихи уақыттың бастауы деп атады. Тіпті бұл процесті «қазақ мемлекеттілігінің ғимаратына жүргізілетін күрделі жөндеу» деп бейнеледі. Мұндай теңеу мемлекеттік аппараттың құрылымы ғана емес, оның жұмыс істеу тәсілі де түбегейлі жаңаратынын аңғартады.

Құрылтайдың алдында тұрған міндеттер туралы айтқанда бұл институттың тек заң қабылдайтын орган емес, қоғамның сұранысына жедел жауап беретін, үлкен деректерге сүйеніп шешім қабылдайтын, толыққанды е-Parliament жүйесімен жұмыс істейтін жаңа форматтағы өкілді орган болуы тиістігін мәлімдеді. Яғни, жаңа Құрылтайдың жұмысы цифрлық технологияларға негізделмек. Бұл орайда Президент Қазақстанның электрондық үкімет жүйесі әлемдегі үздік жиырма бестіктің қатарына кіретінін еске сала отырып, ендігі міндет – толыққанды е-Parliament қалыптастыру екенін айтты. Бұл заң шығару процесінің жаңа кезеңі болады.

Заң жобалары үлкен деректерге сүйеніп әзірленеді. Экономикалық әсері алдын ала есептеледі. Әлеуметтік тәуекелдері модельденеді. Яғни, заң эмоциямен емес, дәлелге негізделіп қабыдануы тиіс.

Келесі кезекте Президент заң шығару ісіне қоғамның кеңінен қатысуын тапсырды. Маңызды заң жобалары сарапшылармен, азаматтық қоғам өкілдерімен және белсенді азаматтармен цифрлық алаңдарда ашық талқылануы керек. Бұл заң шығару процесінің жариялылығын күшейтуге бағытталған қадам.

Осы жайлы айта келіп Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдың алдында үлкен мүмкіндікпен бірге үлкен жа-

уапкершілік те тұрғанын мәлімдеді. Өйткені енді қоғам жаңа атаудан бұрын жаңа сапаны күтеді. Заңдар өміршен, шешімдер ашық, халықтың пікірі естілу керек.

Президенттің айтуынша, жаңа институттың басты өлшемі де осы болмақ. Сонымен қатар сабақтастық үзілмеуі керек. Институттардың атауы өзгеріп, билік модельдер де уақыт талабына сай қайта құрылғанымен, мемлекет үшін маңыздысы құқықтық сабақтастық болып қала бермек.

Қос палаталы Парламент отыз жыл бойы Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына қызмет етті. Ол тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарынан бастап экономикалық жаңғыруға, саяси реформаларға, әлеуметтік өзгерістерге дейінгі барлық кезеңнің заңнамалық тірегіне айналды. Сондықтан тарих қойнауына кеткен – Парламенттің атауы ғана. Ал оның қалыптастырған құқықтық мәдениеті, заң шығару тәжірибесі және парламентаризм дәстүрі жаңа Құрылтайдың ең басты капиталы болып қала береді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



БІЗДІҢ БАҒАН

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен отырыста Парламенттің отыз жылдық қызметін жоғары бағалап, осы уақыт ішінде тәуелсіз Қазақстанның берік құқықтық негізі қаланғанын айтты. Мемлекет басшысы Парламенттің қазіргі құрамына ерекше тоқталып, дәл осы депутаттық корпус ауқымды конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз еткенін атап өтті.

Мәулен ӘШІМБАЕВ, *қоғам қайраткері:*

ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ТАБЫСТЫ БОЛУЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Сондай-ақ қазіргі шақырылымды елдің жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп атады. Бұл Парламент депутаттарының қызметіне берілген ең жоғары баға екені анық.

Сонымен қатар Президентіміз заңды күшіне енген жаңа Конституция Тәуелсіздікті нығайту, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, ел мұратын көздейтін мақсаттарға қол жеткізу жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана екенін айрықша атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы еліміздің алдағы даму логикасын айқындайтын жаңа саяси бағдарды ұсынып, бірқатар басымдықты белгілеп берді. Бұл ретте мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру аса маңызды стратегиялық міндет екені сөзсіз. Конституциялық реформаның мәні – басқару институттарының атауын өзгерту емес, олардың тиімділігін арттыру. Сондықтан Мемлекет басшысы ұсынған «Құшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» формуласы билік тармақтарының жаңа тепе-теңдігін қалыптастыруды көздейді.

Осы орайда мемлекеттік

басқарудың цифрлық форматқа көшуі ерекше назар аударатын мәселе екенін атап өткен жөн. Заң шығару ісінде жасанды интеллектті, Үлкен дерекқорды, болжамдық модельдерді пайдалану, Электрондық Парламент қалыптастыру туралы міндеттер Қазақстанның басқару мәдениетін жаңа деңгейге көтеруді мақсат ететіні сөзсіз.

Сондай-ақ Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы азаматтық қоғамның мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысуын кеңейте түсетініне және бұл бастама «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының дәйекті жалғасы екеніне мән берілді.

Отырыста Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіруге қатысты міндеттер де айқындалды. Мемлекет басшысы қазіргі жетістіктерге тоқмейілсімей, Қазақстан ендігі кезеңде шикізатқа тәуелді ел емес, жоғары технологиялы индустриялық мемлекетке айналуға тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысы әділеттілік ұғымына да ерекше анықтама берді. Әділеттілік дегеніміз – байлықты бәріне бірдей тарату емес, әр азаматқа өзінің қабілетін жүзеге асыруға



тең мүмкіндік беру. Бұл қағидат қазіргі мемлекеттік саясаттың басты философиясына айналып отыр. Осылайша, тарихи бірлескен отырыс Қазақстанның мемлекеттік дамуының жаңа кезеңін бастап берді деуге толық негіз бар.

Жалпы, жаңа Конституцияның нәтижелі іске асуы, өзгерістердің табысты болуы заңдарға ғана емес, қоғамның қолдауына, азаматтардың белсенділігіне және ортақ жауапкершілікке байланысты. Сондықтан Президентіміз айқындаған стратегиялық басымдықтарды сапалы жүзеге асыруда мемлекет пен қоғамның, билік пен азаматтардың өзара сенімі мен бірлігі ерекше рөл атқарады.

САРАП

Сенаттың соңғы отырысында қаралған заңдардың мазмұны мемлекеттің салдағы даму басымдықтарын көрсетіп берді. Мәселен, Қырғызстан және Өзбекстанмен жасалған халықаралық келісімдерді ратификациялау – өңірлік ықпалдастықтың сақталатынын білдіреді.

СЕНАТТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖИЫНЫ – ДӘУІР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Халықаралық қаржы институттарымен жасалған қарыз келісімдері экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Депутаттардың бастамасымен әзірленген «Топырақты қорғау туралы» заң жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен азық-түлік қауіпсіздігін стратегиялық деңгейге көтергенін көрсетеді. Ал «Нотариат және заң көмегі» туралы заң азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін енгізуге бағытталған. Бұл заңдардың әрқайсысы жеке мәселені шешкенімен, барлығы бірігіп мемлекеттің құқықтық мемлекет, орнықты экономика, өңірлік қауіпсіздік және әлеуметтік жауапкершілік секілді қазіргі басымдықтарын айқындайды.

Бұл жиында кезекті заңдар ғана қаралған жоқ. Қазақстан парламентаризмнің отыз жылдық даму жолына саяси әрі институционалдық баға берілді. Жиын тізгінін ұстаған Палата төрағасы Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Сенаттың үш онжылдықтағы қызметін қорытындылап, заң шығарушы биліктің тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырудағы орнына

тоқталды. Отыз жыл ішінде Сенат 890-нан астам жалпы отырыс өткізіп, үш жарым мыңнан астам заңды қарап, қабылдауға қатысты. Оның ішінде әрбір оныншы заң депутаттардың бастамасымен әзірленген. Бұл көрсеткіштер тек статистика емес. Келтірілген деректер артында тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесін қалыптастыруға бағытталған мыңдаған сағаттық жұмыс, комитеттердегі талқылаулар, сарапшылардың қорытындылары және саяси келісімдер тұр.

Заң шығару қызметімен қатар палата Парламенттік тыңдаулар өткізіп, Үкіметке мыңдаған депутаттық сауал жолдап, қоғамдық пікір мен мемлекеттік шешім арасындағы байланысты нығайтуға ұмтылды. Соңғы жылдары қоғамдық тыңдаулардың белсенділігі артты, сарапшылардың қатысуы жүйеленді, өңірлік мәселелерге арналған арнайы алаңдар құрылды. Мұның бәрі Парламенттің қоғаммен байланысын жаңа деңгейге шығаруға бағытталған қадамдар болды. Әсіресе, соңғы жылдары «Құшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы аясында Парламенттің саяси салмағы арта түсті. Конституциялық реформалар заң шығару билігінің жаңа мүмкіндіктерін ашып, депутаттардың бақылау функциясын күшейтті.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Сенат заң шығарумен ғана шектелген жоқ. Соңғы жылдары палата жанынан құрылған «Өңір», «Бір ел – бір мүдде», «Ұлттық мүдде» алаңдары, Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Парламенттік комиссия, Taldau community сияқты жобалар заң шығару қызметін қоғаммен жақындастырудың жаңа тәсілдерін қалыптастырды. Бұл – классикалық парламент жұмысынан қоғамдық саясат институтына қарай жасалған қадамы еді.

Сондықтан Сенаттың соңғы отырысын өткенге қоштасу ғана деп қабылдау жеткіліксіз. Бұл – жинақталған тәжірибені жаңа саяси модельге өткізу кезеңі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА
«Звн газеті»

ЛЕБІЗ

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Құрметті әріптестер!

Қадірлі сот жүйесінің ардагерлері мен судьялар, сот қызметкерлері және оқырмандар!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Конституциясының күшіне енген күнімен шын жүректен құттықтаймын!

2026 жылғы 15 наурызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыздың 1 шілдеден бастап заңды күшіне енуі – Қазақстанның жаңа тарихи кезеңінің бастауы болды. Яғни, мемлекетіміздің жаңа құқықтық негіздері бекіп, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған заманауи конституциялық жүйе толыққанды қамтылған.

Конституция – мемлекетіміздің құқықтық тірегі, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың кепілі, тәуелсіздігіміздің берік тұғыры. Оның әрбір қағидасы заң үстемдігін орнықтыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, әділ сот төрелігін жүзеге асыруға бағытталған. Бүгінде Қазақстан құқықтық мемлекет ретінде өзінің даму жолында маңызды реформаларды жүзеге асырып келеді. Бұл өзгерістердің өзегінде Конституцияда бекітілген демократиялық құндылықтар, әділеттілік қағидаттары мен адам құқықтарының үстемдігі жатыр.



Сот билігі – Конституция белгілеген мемлекеттік биліктің дербес тармағы. Судьяларға жүктелген ең басты міндет – Конституция мен заңдарға ғана бағына отырып, әрбір істі әділ, бейтарап және заң талаптарына сәйкес қарау. Себебі азаматтардың сотқа деген сенімі – құқықтық мемлекеттің басты көрсеткіштерінің бірі.

Конституция – тек заңгерлер мен судьялардың ғана емес, бүкіл халықтың ортақ құндылығы. Оның талаптарын құрметтеу, заңды сақтау және құқықтық мәдениетті дамыту – әрбір азаматтың парызы. Қоғамдағы тұрақтылық, өзара сенім мен бірлік ең алдымен Конституция қағидаларын берік ұстанудан басталады.

Бүгінгі таңда елімізде жүзеге асырылып жатқан сот реформаларының негіз-

гі мақсаты – азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау, сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру, соттардың тәуелсіздігін нығайту және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін күшейту. Бұл міндеттердің барлығы Конституцияда айқындалған құқықтық қағидаттарға негізделген.

Қадірлі әріптестер!

Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз – заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтарын қорғауға және мемлекетіміздің құқықтық негіздерін нығайтуға бағытталған маңызды қызмет. Әділдікке адалдық, кәсібилік пен жоғары жауапкершілік – судья мамандығының басты өлшемдері.

Осы мерейлі күнде баршанызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толайым табыс, ел игілігі жолындағы жауапты қызметтеріңізге береке тілейміз.

Елімізде әрдайым Конституцияның үстемдігі салтанат құрып, заң мен әділеттің беделі арта берсін! Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры биік, бірлігі бекем, келешегі кемел болғай!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АТА ЗАҢНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ – АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз. Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық. Бұдан былай Конституция күні «Наурыззнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан

көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата Заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. «Заң мен Тәртіп», «Еңбексүйгіштік пен Өрлеу», «Тазалық пен Табиғатты аялау» сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз! Кәстерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдайдай орындаймыз. Мен бұған көміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

Aqorda.kz

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖАҢА ҚҰЖАТ ТАРИХИ ӘРІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛ АШТЫ

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты жаңа Конституцияның күшіне енуіне орайластырылған «Жаңа Конституция: орнықты дамудың институционалдық және құқықтық негізі» атты ғылыми-практикалық конференция өткізді.



Конференция жұмысына мемлекеттік органдар, Парламент, сот жүйесі, адвокатура, халықаралық ұйымдар, ғылыми және сарапшылық қоғамдастық өкілдері, сондай-ақ еліміздің және шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары мен сарапшылары қатысып, 150-ден астам адам куә болды.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Азимова конференцияны ашып, 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Конституцияның 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгеніне тоқталып өтті.

Эльвира Азимова өз сөзінде «Қазақстан халқының ерік білдіруімен еліміздің конституциялық дамуында жаңа кезеңнің негізі қаланды. Бұл құқықтық жүйені, мемлекеттік басқаруды және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдірудің стратегиялық бағдарларын айқындап берді. Жаңа Конституцияның қолданысқа енгізілуімен Конституциялық Сот Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, конституциялық құндылықтарды қорғауды одан әрі нығайтады. Бұл Қазақстанның тарихи әрі құқықтық дамуының жаңа кезеңінің бастауын білдіреді» деп атап өтті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы Тұрақты үйлестірушісі Раднарагча Саранго мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің Бас хатшысы Қайрат Сарыбай конференция қатысушыларына өз құттықтауларын бейнетүсірілім арқылы жеткізіп, Қазақстанда жүргізілген конституциялық реформалардың құқықтық институттарды нығайту және орнықты даму

көтеру және құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту мәселелері де талқылауға өзек болды. Қазақстан Республикасының Конституциясына ғылыми комментарий әзірлеу де талқыланды.

Конференцияда жетекші қазақстандық ғалымдар, Конституциялық Соттың, Конституциялық комиссияның, жоғары оқу орындарының және сарапшылық институттардың өкілдері баяндама жасады. Бейнетүсірілім форматында Техас университетінің профессоры Ричард Альберт пен Франция халықаралық қатынастар институтының (IFRI) атқарушы төрағасы Тьерри де Монбриаль халықаралық перспектива жайында ойларын білдіріп, Қазақстандағы конституциялық реформалардың демократиялық институттарды, құқық үстемдігін нығайтудағы және орнықты дамуды қамтамасыз етудегі маңыздылығын ерекше атап өтті.



үшін өте маңызды болғаны жайында өз ойларымен бөлісті.

Сонымен қатар, Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясының Бас хатшысы Рамиль Гасан мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжлисінің Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Феруза Эшматова да қатысушыларды бейнетүсірілім форматында құттықтады. Олар Қазақстандағы конституциялық өзгерістерге өңірлік және халықаралық деңгейде жоғары қызығушылық бар екенін атап өтті.

Тақырыптық пікір алмасу барысында қатысушылар жаңа Конституцияның құқықтық жүйені дамытудағы және конституциялық мемлекеттілікті нығайтудағы рөлін талқылады. Заң алдында жұрттың бәрінің тең болуы, сот төрелігіне қолжетімділік, заңнаманы жетілдіру, қоғамдық келісімді нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Адам құқықтарын қорғау аясындағы қазіргі заманғы сын-қатерлер, цифрлық құқықтарды дамыту, құқықтық мәдениет деңгейін

Ата Заңымыздың мәтініне барша азаматтың тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет бастама көтеріп, «Инклюзивті қоғам үшін Конституция» аясында басып шығарылған Брайль көрпіндегі Қазақстан Республикасы Конституциясының да таныстырылымы осы конференцияға тұспа-тұс келді.

Іс-шара барысында Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимова мен «Қазпошта» АҚ Баскарма төрағасы Бекежан Жәкеев жаңа Конституцияның күшіне енуіне арнайы дайындалған пошта маркасына мөр басу рәсіміне қатысты.

Қатысушылар конференцияны қорытындылай келе, жаңа Конституцияның Қазақстан дамуындағы жаңа кезеңнің берік институционалдық және құқықтық негізіне айналғанын атап өтті.

ҚР Конституциялық
Сотының баспасөз қызметі

САЙЛАУ

Жаңа Конституцияның күшіне енуі елдегі саяси реформаларды іске асырудың жаңа кезеңін бастап берді. Оның маңызды мақсатының бірі – еліміздің тұңғыш Құрылтайын қалыптастыру. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының ең соңғы бірлескен отырысында 1 шілдеден бастап елімізде түбегейлі саяси өзгерістер болатынын атап айтты.

ҚҰРЫЛТАЙ ӨТЕТІН КҮН БЕЛГІЛІ

Негізгі заң күшіне енгеннен кейін өткізілетін Құрылтай сайлауы алғашқы ірі саяси науқан болмақ. Заң шығарушы биліктің қос палаталы құрылымнан бір палаталы жүйеге көшуі заң шығару қызметін біртұтас институт аясында шоғырландырады. Бұл палаталар арасындағы қайталанатын рәсімдерді қысқартып, заң жобаларын қарау мерзімін жеделдетуге, Құрылтай жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заң шығару үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ететін, парламенттік бақылауды жүзеге асыратын, қоғам мүддесінің кеңінен ескерілуіне жағдай жасайтын негізгі тетіктер толық сақталады.

Құрылтай институтының енгізілуі – Президенттің мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған реформалар бағытының қисынды жалғасы. Жаңа модель азаматтардың өкілдігін кеңейтуге, депутаттардың саяси жауапкершілігін күшейтуге, заң шығару үдерісіндегі артық бюрократиялық рәсімдерді оңтайландыруға, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау тиімділігін арттыруға бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» жарлыққа қол қойды. Сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалып отыр. Орталық сайлау комиссиясына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастыру тапсырылған.

Үкіметке, Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын

сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық жақтан қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараны кідіріссіз қабылдау бұйырылған.

Жарлық жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі. Қазақстан Президенті жаңа Конституцияның күшіне енуіне орай үндеу жариялады. Ол бүгіннен бастап ел тарихында жаңа дәуір басталғанын атап өтті.

Құрылтай депутаттарын сайлауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресми тіркелген саяси партиялар қатыса алады. Қазіргі таңда сайлауға қатысу құқығына «Adilet», «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Respublica», Қазақстанның халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия және «Байтақ» жасылдар партиясы ие. Маусым айында елдегі бұрынғы жетекші саяси күштердің бірі болған «Amanat» партиясы «Adilet» партиясымен бірігу туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты алдағы сайлауға біріккен саяси ұйым болып қатысады.

Жаңа Конституцияға сәйкес, Құрылтайдың құрамына 145 депутат сайланады. Олардың барлығы жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізім арқылы бес жыл мерзімге сайланады. Бұл жүйеде сайлаушылар жекелеген кандидаттарға емес, саяси партияларға дауыс береді. Депутаттық мандаттар әр партия жинаған дауыс санына сәйкес бөлінеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ОТЫРЫС

САПАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Қазақстандық қоғамдық даму институтында Sapar expert клубының «Жаңа конституциялық кезең: өлеуметтік-құқықтық дамудың жаңа бағдарлары» тақырыбында отырыс өтті. Іс-шараға академиялық қауымдастық, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.



САРАР ЭКСПЕРТТІК КЛУБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУҒА
ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРЫН БІЛДІРДІ

Члены экспертного клуба Sapar предложили
меры по реализации новой Конституции

Жиын барысында сарапшылар Ата Заң ережелерін іске асыру, конституциялық институттарды дамыту, құқық үстемдігін нығайту, сондай-ақ елдегі өзекті өзгерістерді сараптама-лық тұрғыдан сүйемелдеудегі кәсіби қауымдастық рөлін талқылады. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі күшейтуге арналған нақты ұсынымдар мен бастамалар ортаға салынды.

Спикерлер жаңа Конституцияның мемлекеттік басқару мен стратегиялық жоспарлаудың жаңарған жүйесін қалыптастырып, ел дамуының құн-

дылықтық бағдарын айқындайтынын атап өтті. Сонымен қатар, құжат мемлекеттілік пен егемендікті нығайтуға ықпал етіп, «Заң мен тәртіп» қағидатының маңызын арттыратынына назар аударылды. Пікірталас барысында мектептер мен жоғары оқу орындарында балалар мен жастарға сапалы құқықтық білім беру, олардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру мәселелері қозғалды.

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің баспасөз қызметі



А. ЖҮКЕНОВ, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Құрметті профессоры, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

БОСТАНДЫҚТЫ ШЕКТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ СОТ БАҚЫЛАУЫ қазіргі жай-күйі, проблемалары және жетілдіру жолдары

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Өкінішке орай, мұндай көзқарастың жекелеген көрінісі бүгінгі күні де сақталуда. Іс жүзінде қамауда ұстау кейде нақты процестік тәуекелдерді бейтараптандыру мақсатында емес, айыптау тарапының процестік ұстанымын күшейту құралы ретінде қолданылады. Адамды қоғамнан оқшаулау, жұмысынан айырылуы, отбасымен қарым-қатынасының шектелуі және тергеу изоляторындағы психологиялық қысым күдіктінің тергеумен ынтымақтасуға бейімділігін объективті түрде арттырады. Мұндай жағдайда бұлтартпау шарасының мақсаты айыптауға қолайлы процестік нәтижеге қол жеткізу міндетімен алмастырылып кету қаупі туындайды.

Қамауда ұстауды негіздейтін факторға көңіл бөлген жөн

Алайда құқықтық мемлекетте қамауда ұстау қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсатына өзге тәсілдермен қол жеткізу мүмкін болмаған кезде ғана қолданылатын ерекше шара болуы тиіс. Күдіктің болуының өзі, істің қоғамдық резонансы немесе айыптаудың ауырлығы адамды айыптау үкімі шыққанға дейін бас бостандығынан айыруды автоматты түрде ақтай алмайды.

Бұл проблеманың тамыры көп жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында сақталып отырған айыптаушылық бейімнің элементтерімен байланысты. Іс жүзінде күдік көбіне дәлелденген кінә ретінде қабылданып, ал қамауға алу туралы өтінішхат қылмыстық қудалаудың табиғи салдары ретінде қарастырылады. Соның нәтижесінде ең қатаң бұлтартпау шарасы нақты процестік тәуекелдердің болуына ғана емес, сонымен бірге тағылған күдіктің ауырлығына немесе істің қоғамдық резонансына байланысты қолданылады.

Тергеудің бастапқы кезеңдерінде қылмыстық-құқықтық саралауды негізсіз ауырлату тәжірибесі ерекше алаңдаушылық туғызады. Кейбір жағдайларда адамдарға іс мән-жайларынан объективті түрде туындамайтын неғұрлым ауыр қылмыс құрамы тағылады. Мұндай тәсіл бұлтартпау шарасын таңдауға сөзсіз ықпал етеді, өйткені күдіктің ауырлығы дәстүрлі түрде қамауда ұстаудың қажеттілігін негіздейтін фактордың бірі ретінде қарастырылады.

Аталған проблема көмелетке толмағандарға қатысты ерекше өткір көрініс табады, өйткені оларға қатысты қамауда ұстау шын мәнінде айрық-

ша сипаттағы шара болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда көмелетке толмаған Трудниковқа қатысты қылмыстық іс ерекше назар аудартады. Ол 15 жасында Қылмыстық кодекстің 106-бабының 3-бөлігі бойынша көзделген қылмысты жасады деген күдікпен қамауға алынған. Кейіннен апелляциялық сатыдағы сот оның әрекетін абайсызда адам өліміне әкеп соқтырған әрекет ретінде қайта саралады, ал Жоғарғы Соттың сот алқасы қылмыстық жауаптылыққа жасы жетпегендіктен қылмыс субъектісі болмағанын анықтап, іс бойынша өндірісті қысқартты. Соған қарамастан көмелетке толмаған тұлға ұзақ уақыт бойы қамауда болған.

Бұл мысал тергеу судьясы үшін күдіктің формальды түрде бар-жоғын ғана емес, оның негізділігін, әрекеттің дұрыс саралануын, қылмыс құрамының белгілерінің болуын және қылмыстық жауаптылық жасына қатысты мәселелерді тексерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Өйтпесе сот бақылауы тергеу органының ұстанымын формальды түрде бекіту рәсіміне айналып кетуі мүмкін, ал бұл оның конституциялық мақсатына қайшы келеді.

Заңнаманы жетілдіру – объективті қажеттілік

Жүргізілген реформаларға қарамастан, қылмыстық-процестік заңнаманы одан әрі жетілдіру объективті қажеттілік. Бұл процесте Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымы ерекше маңызға ие, өйткені олар адамның бостандығы мен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығын қорғаудың заманауи стандарттарын қалыптастырады. Бостандық құқығын қамтамасыз ету тұрғысынан Конституциялық Соттың 2025 жылғы 18 шілдедегі № 73-НП және 2026 жылғы 10 маусымдағы № 85-НП нормативтік қаулысы ерекше мәнге ие. Бұл қаулылар бостандықты шектеуге сот бақылауының үздіксіздігіне қатысты бірыңғай конституциялық стандарт қалыптастырды. Конституциялық Сот адамның қамауда болуы бостандықты шектеудің бүкіл кезеңі бойы қолданыстағы сот шешімі болған жағдайда ғана мүмкін екенін атап көрсетті. Қамауда ұстау мерзімін ұзарту сот бұрын белгілеген мерзім аяқталғанға дейін жүзеге асырылуға тиіс. Заңды өзгеше түсіндіру бұрынғы мерзім аяқталғаннан кейін және жаңа сот шешімі қабылданғанға дейінгі аралықта адамды сот санкциясынсыз бостандығынан айыруға жол берер еді.

Осыған байланысты Конституциялық Сот бұрын санкцияланған мерзім

өткеннен кейін қамауда ұстау мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін ҚПК нормаларын Конституцияға сәйкес емес деп таныды. Сот қолданыстағы сот шешімінсіз адамның тіпті қысқа мерзімге қамауда болуының өзі еркіндікті негізсіз шектеу екенін және Конституцияға қайшы келетінін атап өтті.

Конституциялық Сот қамауда ұстаудың шекті мерзімін айналып өтуге жол берілмейтіні туралы маңызды құқықтық ұстаным қалыптастырды. Сотталушының ұйқамаққа алуға немесе өзге де бұлтартпау шарасына байланысты міндеттер мен шектеулерді бұзуы сол қылмыстық іс бойынша заңда белгіленген он екі айлық шекті мерзім өткеннен кейін оны қайтадан қамауда ұстауға негіз бола алмайды. Осылайша, сот бостандықты шектеудің шекті мерзімі нақты, формальды емес сипатта болуы тиіс екенін растады.

Жеке адамның құқығын қорғау тұрғысынан Конституциялық соттың 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 9 нормативтік қаулысының да маңызы зор. Бұл қаулы ұйқамаққа алу кезінде қолданылатын шектеулердің конституциялылығына қатысты қабылданды. Конституциялық Сот ҚПК-нің 146-бабының ережелерін Конституцияға сәйкес деп танығанымен, ұйқамаққа алу адамның сыртқы әлемнен толық

тырушылық қателіктер ретінде қабылдануы ерекше алаңдаушылық туғызады. Алайда мәселе процестік мерзімнің жай ғана бұзылуында емес, адамның негізгі конституциялық құқығының бірі – бостандық пен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығын заңсыз шектеуде болып отыр. Құқықтық мемлекетте адамның қамауда болған әрбір сағаты құқықтық негізге сүйенуге тиіс. Негізсіз қамауда ұстау еркіндікті шектейді және бұл Конституция талабына да, мемлекеттің адам құқығы саласындағы халықаралық міндеттемесіне де қайшы келеді. Осыған байланысты мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алудың тетігін күшейту қажет. Ең алдымен, қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының орындалуын тікелей қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың дербес жауапкершілігін арттыру маңызды. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердің басшыларына ерекше жауапкершілік жүктелуі тиіс, өйткені дәл солар адамның қамауда әрі қарай болуының заңдылығын бақылауға және қолданыстағы сот шешімі болмаған жағдайда оны дереу босатуға міндетті.

Сонымен қатар бостандық құқығын қорғаудың қылмыстық-құқықтық тетігін де жетілдіру қажет. Қылмыстық кодекстің 414-бабында көзделген көрі-

неу заңсыз ұстау, қамаққа алу немесе қамауда ұстау үшін жауаптылықты реттейтін норманы қайта қарау орынды. Қолданыстағы редакция негізінен лауазымды адамдардың өкілеттігін қасақана теріс пайдалануға бағытталған. Алайда құқық қолдану практикасы сот санкциясының мерзімі аяқталғаннан кейін немесе тиісті сот шешімі болмаған жағдайда адамды қамауда ұстауды жалғастырғаны үшін жауаптылықты неғұрлым нақты регламенттеу қажеттігін көрсетеді.

Қылмыстық қудалау органы мен тергеу судьясы өкілеттігін ажырату орынды

Бұл саладағы жауаптылықты күшейту тек жазалау ғана емес, ең алдымен алдын алу сипатына ие болады. Заңсыз бас бостандығынан айырғаны

тергеу судьясының процестік мәртебесіне қатысты белгісіздік туғызады. Ол бұлтартпау шарасын таңдаушы субъект пе, әлде тек қылмыстық қудалау органының шешіміне сот бақылауын жүзеге асыратын субъект пе деген сұрақ туындайды.

Осыған байланысты қылмыстық қудалау органдары мен тергеу судьясының өкілеттіктерін заңнамалық деңгейде нақты ажырату орынды. Тергеуші (анықтаушы) мен прокурор тек бұлтартпау шарасын қолдану туралы сотқа өтінішхат енгізуге құқылы, ал қамауда ұстау, ұйқамаққа алу және кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын тек тергеу судьясы таңдауы тиіс деген тәсілді қарастыруға болады. Мұндай тәсіл процестік функцияларды бөлу қағидатына, сот бақылауының заманауи халықаралық стандарттарына сәйкес келеді және тергеу судьясының құқықтық мәртебесіндегі қосарлылықты болдырмайды. Бұл жағдайда қылмыстық қудалау органдары бостандықты шектеудің бастамашысы ғана болып, ал неғұрлым қатаң бұлтартпау шараларын қолдану туралы түпкілікті шешімді тәуелсіз сот қабылдайтын болады.

Тергеу судьясының өкілеттігін нақтылау керек

Сонымен қатар тергеу судьясының қамауда ұстау, ұйқамаққа алу және кепіл түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы өтінішхаттарды қарау шектерін де нақтылау қажет. ҚПК-нің 148-бабы 7-бөлігінің 3) тармағына сәйкес тергеу судьясы қамауда ұстауды санкциялаудан бастартқан жағдайда өзге бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Алайда ұйқамаққа алу немесе кепілдік санкцияланбаған кездегі тергеу судьясының өкілеттігі заңда тікелей реттелмеген. Практикада бұл кейбір жағдайда тергеу судьясының сұратылған бұлтартпау шарасын тым жұмсақ деп есептеп, ұйқамаққа алуды немесе кепілді санкциялаудан дәл осы негізбен бас тартуына әкеледі. Мұндай тәсіл жарыспалылық қағидаты мен процестік функцияларды бөлу тұрғысынан күмән туғызады, өйткені бұл жағдайда сот өтінішхаттың заңдылығы мен негізділігін ғана емес, қылмыстық қудалау органы таңдаған бұлтартпау шарасының орындылығын да бағалайды.

Бұлтартпау шарасының қатаңдық деңгейін айқындау бостандықты шектеудің бастамашысы болып табылатын анықтаушының, тергеушінің және прокурордың құзыретіне жатуға тиіс. Тергеу судьясының міндеті – ұсынылған бұлтартпау шарасының заңдылығын, негізділігін және мөлшерлестігін тексеру. Осыған байланысты заңнамалық деңгейде тергеу судьясы қамауда ұстауды, ұйқамаққа алуды немесе кепілді санкциялаудан бас тартқан жағдайда тек неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы екендігін, бірақ қылмыстық қудалау органы сұратқаннан қатаңырақ шараны қолдану қажеттілігіне сүйеніп бас тартуға құқылы еместігін нақтылау орынды.

Сондай-ақ ҚПК-нің 146-бабындағы құқықтық айқыныздықты жою қажет. ҚПК-нің 146-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұйқамаққа алу күдіктіні немесе айыпталушыны қамауда ұстамай, бірақ ҚПК-нің 147-бабында көзделген тәртіппен судья белгілеген шектеулерді қолдана отырып, қоғамнан оқшаулау болып табылады. Сонымен бірге ҚПК-нің 147-бабы мұндай шектеудің мазмұнын тікелей реттемейді. Оның нормалары негізінен қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаудың негізі мен тәртібін арналған. Ал ұйқамаққа алу кезінде қолданылуы мүмкін шектеулердің нақты тізбесі ҚПК-нің 146-бабының 2-бөлігінде көзделген.

Осыған байланысты құқықтық айқындықты қамтамасыз ету мақсатында ҚПК-нің 146-бабы 1-бөлігінің редакциясын нақтылау орынды. Онда ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану кезінде шектеулерді судья ҚПК-нің 146-бабының 2-бөлігіне сәйкес белгілейтінді, ал аталған бұлтартпау шарасын санкциялау тәртібі бұлтартпау шарасын соттың санкциялауын реттейтін ҚПК нормасымен айқындалатынын тікелей көрсетілуі тиіс. Осылайша, бостандықты шектеуге байланысты бұлтартпау шарасына сот бақылауын жетілдіру қылмыстық-процестік заңнаманы одан әрі дамытумен, қолданыстағы оқалықтар мен қайшылықтарды жоюмен, конституциялық кепілдіктерді нығайтумен және құқықтық мемлекеттің негізі ретінде адамның бостандық құқығының нақты басымдығын қамтамасыз етумен қатар жүруге тиіс.

ЖОҒАРҒЫ СОТ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУЛАР СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Жаңа Конституцияда мемлекеттік модельдің іргелі негіздері айқындалған, онда адам, оның құқықтары мен бостандықтары, заң үстемдігінің осы құқықтары мен принциптерін қорғауды күшейту басты назарда болады. Бұл біздің мемлекетіміздің дамуының жаңа стратегиялық бағыты мен бағдарын белгілейді, оны іске асыру таяу жылдардағы басты міндетіне айналады.

Конституциялық қайта құрулар сот төрелігінің дамуына жаңа серпін берді, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтті, соттың тәуелсіздігін, әділдік, заңдылық және мемлекеттің қоғам алдындағы жауапкершілігі қағидаттарын нығайтты.

Азаматтардың, оның ішінде сот төрелігі орбитасына тартылған азаматтардың базалық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын күшейту оларды тиімді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Конституцияда әкімшілік соттардың құқықтық мәртебесін бекіту жария-құқықтық дауларда азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдігін қамтамасыз етуге оң әсер етеді және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтады.

Күні кеше Мемлекет басшысы жұмысты қорытындылап, екі палаталы Парламенттің маңызды кезеңі жабылды. Ал енді біз жаһандық өзгерістердің алдында тұрмыз. Алда сайлау кезеңі – Құрылтайдағы сайлау.

Жаңа Конституцияға енгізілген терең әлеует еліміздің игілігі мен өркендеуі үшін одан әрі прогрессивті реформалардың сенімді іргетасы болатынына сенімдіміз.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты



БАҒДАР

БАС ҚҰЖАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР

Жаңа Конституция күшіне енді. Ата Заң преамбула (мемлекеттің басты құндылықтары мен мақсаттарын айқындайтын кіріспе), 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Мұнда 77 бап жаңарып, 4 бөлімнің атауы өзгерді. «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізілді. Құжатта бір палаталы Парламент құру, Вице-президент лауазымын енгізу, шетелден қаржыландыруға тыйым салу, азаматтықтан айыру тәртібін қайта қарау сынды маңызды бастамалар ұсынылған.

Шетелден қаржыландыруға қойылатын талаптар

Конституцияда саяси партиялар мен кәсіподақтарды шетелден қаржыландыруға қатысты талаптар күшейтілген. Қазіргі таңда мұндай қаржыландыруға шетелдік мемлекеттердің, ұйымдардың және азаматтардың қаржы бөлуіне тыйым салынған. Бұл шектеу шетелдік компанияларға, шетелдік капиталы бар кәсіпорындарға және азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады. Сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдар шетелден алған қаражат пен өзге де мүлкі туралы ақпаратты жариялап отыруға міндетті. Бұл талап шетелдік мемлекеттерден, халықаралық ұйымдардан, компаниялардан, азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан алынған барлық қаржы мен активтерге қатысты болады.

Дін саласына қатысты жаңашылдықтар

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес, шетелдік діни ұйымдардың қызметі мен олардың басшыларын тағайындау мемлекеттік органдардың келісімімен жүзеге асырылады. Құжатта діннің мемлекеттен бөлінетіні жеке көрсетілген. Сонымен қатар барлық діни ұйымдардың қызметі заңмен реттелетіні және қажет болған жағдайда шектелуі мүмкін екені нақтыланған. Мұндай шектеулер конституциялық құрылысты қорғау, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздікті сақтау, қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың денсаулығын сақтау және қоғамның адамгершілік қағидаттарын қорғау мақсатында енгізілуі мүмкін.

ҚОРҒАН

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – елдің негізгі заңы күшіне енді. Ол адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін, құқық үстемдігін және мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін нығайта отырып, еліміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. Конституциялық реформаның негізгі бағыттарының бірі – адам құқықтарын қорғауды одан әрі күшейтуге, сондай-ақ жеке бас бостандығы мен әділ сот төрелігінің кепілдіктерін нығайтуға бағытталған.

МИРАНДА ҚАФИДАЛАРЫ КҮШІНЕ ЕНДІ



Конституцияның 18-бабында әрбір адамға ұсталған кезде оның бостандығын шектеудің негіздері мен құқықтарын түсіндіру міндетінің бекітілуі маңызды жаңа өзгерістің бірі болды. Бұл ұсталған сәттен бастап адамға оның бостандығын шектеудің себептері, үндемеуге құқығы, қорғаушының көмегіне жүгіну және ұсталғаны туралы жақын туыстарына хабарлау құқығы түсіндірілуге тиіс дегенді білдіреді. Мазмұны жағынан бұл конституциялық кепілдік, халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын Миранда қағидаларына сәйкес келеді.

Аталған норманың Конституцияда бекітілуі адамның бостандығы шек-

телген алғашқы сәттен бастап оның себептерін біліп, өзінің процестік құқығын түсінуіне және уақытылы заң көмегін пайдалануына мүмкіндік береді. Бұл нормалар құқықты негізсіз шектеуден қорғаудың қосымша кепілдігін қамтамасыз етіп, іс жүргізудің ең бастапқы кезеңінен бастап қорғану құқығын тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды әрі әділ сот төрелігі қағидатының сақталуына ықпал етеді.

Тағы бір маңызды жаңалық – Конституцияның 19-бабында кінәсіздік презумпциясының, яғни өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығының, сондай-ақ бір құқық бұзушылық үшін қылмыс-

тық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайтадан тартуға жол бермеу қағидатының бекітілуі. Бұл ережелер дербес конституциялық қағидаттар мәртебесіне ие болып, олардың адам құқықтарын қорғаудағы айрықша маңызын айқындайды.

Кінәсіздік презумпциясы адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсі заңды күшіне енген сот

үкімімен дәлелденгенге дейін кінәсіз деп есептелетінін білдіреді. Ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ал жойылмайтын барлық күмән адамның пайдасына түсіндіріледі. Бұл азаматтарды негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғайды, сот талқылауының объективтілігін нығайтады және әрбір істің әділ қаралуына кепілдік береді. Өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы азаматтарды өзін-өзі әшкерелеуге мәжбүрлеуден қорғайды әрі заңда көзделген барлық қорғану құралдарын еркін пайдалануға мүмкіндік береді. Ал бір құқық бұзушылық үшін жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салу іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін адамды қайтадан қудалауға жол бермей, құқықтық айқындық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Жеке бас бостандығы мен әділ сот төрелігінің кепілдіктерін күшейту жаңа Конституцияның маңызды жетістіктерінің бірі болды. Конституцияда бекітілген кепілдіктер азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін нығайтуға, олардың бостандықтарын қорғау деңгейін арттыруға және адам құқықтары мен қадір-қасиеті ең жоғары құндылық болып татылатын құқықтық мемлекетті одан әрі дамытуға бағытталған.

Бас прокуратураның
баспасөз қызметі

Тіл

Конституцияда тілге қатысты нормалар өзгеріссіз қалған. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін сақтайды. Орыс тілі мемлекеттік органдарда қазақ тілімен қатар ресми түрде қолданылады. Сондай-ақ мемлекет Қазақстан халқының барлық тілдерін оқып-үйренуге және дамытуға қолдау көрсетуді жалғастырады.

Жаңа Конституцияда: «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастыққа негізделген сыртқы саясат жүргізеді. Олардың ішкі істеріне араласпайды және халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді қолдайды», – деп жазылған.

ректерді қорғау, заң үстемдігі және мемлекеттік органдардың жауапкершілігі сияқты маңызды қағидаттарды да күшейтеді», – деді заңгер.

Неке және отбасы

Конституцияға неке институтын нығайту, ата-ананың жауапкершілігін күшейту және баланың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге арналған жаңа нормалар енгізілді. Бұл өзгерістер отбасы институтын сақтап, оның құндылығын арттыруға, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталған.

«Тенге» «теңге» болып өзгереді

Ата Заңда елдің қаржы жүйесі мен экономикалық егемендігіне қатысты да маңызды өзгерістер бекітілген. Конституцияда ұлттық валютаның атауы және мемлекеттің оны шығаруға айрықша құқығы бекітіліп, Қазақстанның ақшалай егемендігі қамтамасыз етілді. «Тенге» сөзі «тенге» болып өзгереді. Ақша ауыспайды, тек жазылу стилі өзгереді. Бұрын берілген құжаттарды қайта өзгерту талап етілмейді. Саяси-қаржылық басқару бойынша мемлекеттік басқару жүйесі жетілдіріліп, құқық қорғау тетіктері күшейтілді.

Экономист Бауыржан Ысқақ қаржы саласындағы кез келген заңнамалық өзгерістің басты мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау және қаржы нарығының ашықтығын күшейту екенін айтты.

«Егер жаңа нормалар банктердің қызметіне, несие беру тәртібіне немесе азаматтардың қаржылық құқықтарына қатысты болса, онда бірнеше маңызды нәтижені күтуге болады. Атап айтқанда, банк секторындағы тәуекелдерді төмендету, қаржы ұйымдарының жауапкершілігін күшейту, тұтынушылардың құқықтарын қорғауын жақсарту және қаржы жүйесіне сенімді арттыру. Алайда кез келген реформа тек заң қабылдаумен шектелмеу керек. Оның тиімділігі, құқықтық қолдану тәжірибесіне, мемлекеттік органдардың ашық жұмысына және қаржы институттарының жаңа талаптар қаншалықты сапалы орындалуына байланысты болады. Сондықтан бұл өзгерістерді қаржы жүйесін жаңғыртуға бағытталған кезекті қадам ретінде бағалауға болады. Ең бастысы жаңа нормалардың нәтижесі халық және бизнес үшін нақты пайда әкелуге тиіс», – деді экономист Бауыржан Ысқақ.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Меншік құқығы

Конституция жобасында меншік құқығына қатысты нормалар нақтыланған. Меншік иесі өз мүлкін пайдалану кезінде қоғам мен мемлекеттің мүддесін ескеруге, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, сондай-ақ өзге азаматтардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне нұқсан келтірмеуге міндетті. Сонымен бірге жер, жер қойнауы, су ресурстары және басқа да табиғи байлықтарға меншік құқығы бұрынғыдай халыққа тиесілі болып қала береді. Бұл ресурстарды халықтың атынан басқару құқығы мемлекетке тиесілі деген норма өзгеріссіз сақталған.

МИНБЕР

Заңы мықты елде тәртіп сақталады, азаматтар өзінің қауіпсіздігі мен құқығының толық қорғалатынына сенімді болады. Ал сенім – ел ертеңінің, қоғам дамуының кепілі. Кез келген өркениетті елдің әр қадамын заңға сүйеніп жасап, әр реформасын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге мән беретіні осыдан. Қазақ даласы да заң мен құқықтық құжаттардан кенде болмаған. Тіпті, сонау хандар дәуірінің өзінде бабаларымыз барлық әрекеттерді заң шеңберінде реттеп отырған.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ СҮЙЕНЕРІ ДЕ, СЕНЕРІ ДЕ – КОНСТИТУЦИЯ!



Даулет АРКИНОВ,
Алматы қаласы
Әуезов аудандық №2 сотының
төрағасы

Тарихта алтын әріппен жазылған Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз-Тәукенің Жеті Жарғысы секілді дала заңдарының өзі сауатты түзілуімен, әділдігімен, туралығымен тәнті етпей қоймайды. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгелі

отырған жаңа Коституциямыз осы дала заңдарының негізгі принциптерін сақтап, заманауи талап-тілектерді ескере отырып, өркеніет өлшемдеріне толық негізделіп дайындалған бірегей, сапалы құжат.

Жаңа Конституцияның қолданысқа енгізілуімен заңнама тарихының жаңа кезеңіне қадам бастық. Бұл Конституция халықтың барлық қалауын ескерген, барша азаматтардың өз пікірі мен сын-ескертпесін айтуына мүмкіндік берген, ең бастысы халықпен ашық диалог орнатуға жол ашқан маңызды құжат ретінде көпшілік есінде қалары анық. Заңның жобасын дайындауға қатысқан жұмыс тобына да тек білікті заңгерлер, ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар мен кәсіби мамандар іріктелді. Осы жұмыс тобының ұсынған жобасы талқыланбаған, сарапқа салынбаған орта аз. Заңгерлік орта мен сот, құқық қорғау, прокуратура, адвокатура саласынан бөлек заң жобасы көптеген білім ордаларында, үкіметтік емес ұйым жиындарында, азаматтық қоғамның ортасында таныстырылып, ондағы әр жаңа бап, жаңа өзгеріс қызу сарапқа салынды.

«Ақиқат таластан туады», демекші жаңа Конституция да көпшілік талқы-

сынан туған, азаматтардың алуан түрлі пікірін таразылап, халыққа ең ыңғайлы нұсқасын іріктеген маңызды құжат. Осы заң жобасы таныстырылғаннан кейін еліміздің түкпір-түкпіріндегі азаматтардан он мыңнан астам ұсыныс-пікір, ескертпе түскен. Жұмыс тобы мұндағы әрбір ұсынысты жан-жақты талқылап, ел тілегін екшеген. Мұның өзі Қазақстан халқының құқықтық сауатының көтерілгенін ғана емес, азаматтық ұстанымы мен саяси белсенділігінің артқанын көрсетеді. Бұл халықтың ел ертеңіне, мемлекеттің

болашағына бей-жай қарамайтынының нақты дәлелі.

Міне, осындай қызу талқы, шын жанапшырлық пен азаматтық белсенділіктің арқасында құрылымы түзілген Ата Заң жобасына еліміздің азаматтары бір кісідей дауыс беріп, 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда Конституция қабылданған болатын. Ал 1 шілдеде күшіне еніп, тәжірибеге қосылған бас құжаттың жаңалығы аз емес. Жаңа Конституцияның қолданысқа енуімен қос палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай өз жұмысын бастап, Вице-Президент, Қазақстан Халық Кеңесі институттары тәжірибеге енгізіледі. Бұл институттардың әрқайсысының құқықтық мемлекеттің заңдық қағидаттарын қамтудағы маңызы ерек. Сондай-ақ азаматтар құқығын қорғаудың әлемдік формуласы саналатын – Миранда ережесі де құқықтық мемлекеттегі әділеттің сақталуына кепіл болмақ.

Ата Заң – біздің алтын тамырымыз. Құқықтық, зайырлы мемлекеттің сүйенері де, сенері де – осы Ата Заң! Ендеше, 1 шілдеден бастап күшіне енген бас құжатымыз мемлекет дамуына серпін беріп, азаматтардың шынайы қорғанына айналарына сеніміміз зор.

ӘДІЛЕТ

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚОРҒАЛАДЫ

Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың заманауи стандарттарын бекіткен жаңа Конституция ресми түрде күшіне енді.

Негізгі заң білікті заң көмегін көрсету жүйесін едәуір күшейтетін, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға кепілдік беретін және заңнаманың құқықтық айқындылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ететін бірқатар іргелі конституциялық жаңашылдықтарды бекітті.

Соның бірі – адвокатура институтының конституциялық деңгейде бекітілуі. Енді Конституцияда адвокатура әрбір адамның білікті заң көмегін алуға және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға деген құқығын іске асыруға жәрдемдесетіні тікелей айқындалған. Бұл құқықтық көмектің қолжетімділігін арттыруға және қоғамның сот пен құқықтық жүйеге деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Тағы бір маңызды шешім – зияткерлік меншік құқығын конституциялық деңгейде тікелей қорғаудың бекітілуі. Бұл шығармашылық және ғылыми қызмет нәтижелерінің білім экономикасын, креативті индустрияларды және инновациялық секторды дамытудағы маңызды құқықтық әрі экономикалық құндылық екенін айқындайды. Сондай-ақ Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Елеулі конституциялық жаңашылдықтың бірі – заңдарға кері күш беруге тікелей тыйымның салынуы. Конституцияда қосымша міндеттер жүктейтін немесе жауаптылықты күшейтетін жаңа нормалардың олар күшіне енгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылмайтыны бекітілген. Сонымен қатар, бұл конституциялық кепілдік заң шығарушы және құқық қолдану органдары үшін нақты бағдар белгілейді. Заңнамадағы кез келген өзгерістер құқықтық айқындық, әділдік және тұлғалардың құқықтарын жағдайын кері күшімен нашарлатуға жол бермеу қағидаттарын сақтай отырып қабылданып, қолданылуға тиіс.


Конституциялық өзгерістер азаматтардың құқықтық кепілдіктерін күшейтіп, қазіргі заманғы құқықтық институттарды одан әрі дамытуға қосымша жағдайлар жасайды және заңнаманы одан әрі жетілдірудің берік негізін қалыптастырады.

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

БАСТАМА

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕНДЕР КӨП

Әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгізілгеніне 5 жыл болды. Бес жыл ішінде бұл институттың қоғамда өз орнын тауып, халықтың көңілінен шыққаны даусыз. Оны жыл сайын әкімшілік соттарға жүгінетіндер қатарының көбейгеніне қарап, әрі жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтық дауларда жеңіске жеткеніне қарап білуге болады.



Әкімшілік әділеттің Қазақстандағы тарихы 2021 жылдың 1 шілдесінен басталғанымен, әлемнің көптеген дамыған елдерінде бұл жүйе бұрыннан қолданылады. Соның ішінде Францияны бұл институттың отаны десек қателеспейміз. Онда әкімшілік соттар жүйесі жалпы соттардан бөлек, дербес жұмыс істейді. Ал Германияда әкімшілік сот ісін жүргізу жүйесі ең оңтайлы дамып, кең қолданылуымен ерекшеленеді. Бұл елдерде арнайы әкімшілік соттардың азаматтар мен мемлекет арасындағы дауларды шешудегі рөлі жоғары.

Қазақстанда жария-құқықтық дауларды қарау тәжірибесі 2021 жылдың 1 шілдесінен қалыптасып, осы сәттен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс ең сұранысқа ие заңнамалардың қатарына қосылды. Сонымен бірге республикада құрылып, жұмысын бастаған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар да бүгінде бірыңғай тәжірибе қалыптастырып, халықтың сеніміне ие болуда.

Әкімшілік әділетте назарда ұсталатын ең басты қағидат – әлсіз тарап саналатын жеке және заңды тұлғалар мен мықты тарап ретінде танылған мемлекеттік орган өкілдері арасындағы дауларда теңгерімділікті сақтау. Осы ретте қарапайым азаматтардың жария-құқықтық даулардағы мүддесі айрықша қарастырылған. Соның ішінде жаңа өзгеріске сай әкімшілік дауларда жеке және заңды тұлғалар емес, мемлекеттік орган өз шешімінің заңдылығын өзі дәлелдеуге міндетті. Яғни, жаңа институтта дәлелдеу ауыртпалығы азаматтардан алынып, мемлекеттік органдарға жүктелген. Бұл өз кезегінде азаматтардың сотқа жүгіну тетіктерін жеңілдетіп, құжат жинау, анықтамалар алу әурешілігінен босатады.

Сотта азамат пен мемлекеттік органның құқығы теңестірілді. Кодекск күшіне енгенге дейін мемлекеттік ор-

гандардың шешіміне шағымдану тек жоғары тұрған органға немесе азаматтық сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылғаны белгілі. Бұл азаматтар үшін өте тиімсіз еді.

Мемлекеттік органдар шешімінің Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талабына сәйкестігін соттар тексереді. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Сондай-ақ судьяның әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы болуы да азаматтарға көп көмегін тигізеді. Бұрынғы заң бойынша судьяға ондай құқық берілмейтін. Судьяның іске байланысты өз пікірі айтылмайтын. Ал қазіргі мүмкіндікті пайдалана отырып судьялар тараптарға құқықтық кеңес беріп, істің болжамды қорытындысынан хабардар ете отырып өзіне тиімді шешім қабылдауына көмегін тигізеді.

Сот актілерінің орындалуын бақылау да соттың құзырында. Осы ретте сот төрелігін іске асыру кезіндегі судьяның өкілдері, талаптары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті екенін естен шығармаған жөн. Бұл талапты орындамағандарға сот ақшалай өндіріп алуды қолданады. Мұндай тетік мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, сот актілерінің орындалу көрсеткішін жақсартты.

Осындай іргелі өзгерістерімен халыққа қолайлы, тиімді болып отырған әкімшілік әділет саласы алдағы уақытта да жанданып, мемлекеттік органдармен арадағы теңгерімді сақтауға ықпал етері анық.

Абай САБИРАДДИНОВ,
Түпқараған аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАРАТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Кәсіпкерлік қызметтің аяқталуын білдіретін маңызды құқықтық рәсім – заңды тұлғаны тарату деп аталады. Бұл процесс ұйымның жұмысын тоқтатумен шектеліп қоймай, сонымен қатар, кредиторлардың құқықтарын қорғауды, қызметкерлермен есеп айырысуды, салықтық міндеттемелерді орындау мен мемлекеттік тіркеу органдарында заңда белгіленген рәсімдерді сақтауды да қамтиды. Соған сәйкес заңды тұлғаны тарату барысында барлық құқықтық талаптарды толық орындау – ұйымның да, оның құрылтайшыларының да мүддесін қорғаудың басты кепілі саналады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сай, заңды тұлға ерікті түрде немесе мәжбүрлі тәртіппен таратылуы мүмкін. Осындағы ерікті тарату – ұйым құрылтайшыларының немесе қатысушыларының шешімімен жүзеге асырылады. Мұндай шешім ұйымның алдына қойылған мақсаттардың орындалуына, қызметінің экономикалық тұрғыдан тиімсіз болуына немесе басқа да себептерге байланысты қабылдануы мүмкін. Ал, мәжбүрлі тарату сот шешімі негізінде жүргізіледі. Бұған заң талаптарын өрескел бұзу, заңсыз қызметпен айналысу, банкроттық немесе заңда көзделген өзге де негіздер себеп болады.

Тарату кезіндегі негізгі мән-жайлар қандай болмақ?

Ең алдымен, мұндай шешім заң талаптарына сәйкес рәсімделіп, осы шешім негізінде тарату комиссиясы немесе таратушы тағайындалады. Дәл осы комиссия тарату рәсімінің барлық кезеңдеріне жауап береді.

Келесі бір маңызды мәселе – кредиторлардың құқықтарын сақтау жайы. Заңды тұлғаның таратылатыны туралы ақпарат заңда белгіленген тәртіппен жарияланып, кредиторларға өз талаптарын мәлімдеуге мүмкіндік беріледі. Барлық талаптар қаралып, заңда белгіленген кезектілік бойынша қанағаттандырылуы тиіс. Сонымен қатар, ұйымның барлық мүлкіне түгендеу жүргізіліп, активтері мен міндеттемелері нақты анықталуы қажет. Қарыздар өтелгеннен кейін қалған мүлік құрылтай құжаттары мен заң талаптарына сәйкес бөлінеді. Бұл кезде салықтық міндеттемелердің толық орындалуы

да ерекше маңызға ие. Сондықтан, ұйымның барлық салықтары мен басқа да міндетті төлемдері төленіп, уәкілетті мемлекеттік органдарға қажетті есептіліктер ұсынылуы тиіс. Салық органдары тарапынан тексерулер жүргізілуі де мүмкін.

Қызметкерлердің еңбек құқығын сақтау – тарату рәсімінің маңызды бөлігі. Еңбек шарты еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатылып, қызметкерлерге тиісті еңбекақысы, өтемақысы және басқа төлемін уақытылы беру көзделеді. Бұдан бөлек, заңды тұлғаның банктік шоттарын жабу, мөрлерін жою, бухгалтерлік және өзге де құжаттарды заңда белгіленген мерзімде архивке өткізу мәселелері де назардан тыс қалмауы тиіс.

Құқықтық тәуекелдер

Тарату рәсімінде заң талаптарының сақталмауы бірқатар құқықтық салдарға әкелуі ғажап емес. Атап айтқанда, кредиторлар талаптарының орындалмауы, салықтық берешектің қалуы немесе қызметкерлер құқығының бұзылуы – сот дауларының туындауына негіз болады. Кейбір жағдайларда құрылтайшылар мен лауазымды тұлғалар заңнамада көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Сондықтан тарату рәсімінің әрбір кезеңі заң талаптарына сәйкес және тиісті құжаттармен рәсімделуді қажет етеді.

Заңды тұлғаны тарату негіздері

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 49-бабына сәйкес, заңды тұлға құрылтайшылардың (қатысушылардың) немесе уәкілетті органның шешімі бойынша

Тарату кезінде назар аударылатын негізгі мән-жайлар

Тарату комиссиясы құрылған күннен бастап заңды тұлғаны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер соған өтеді. Комиссия кредиторларды анықтауға, олардың талаптарын қабылдауға, аралық тарату балансын жасауға және заңды тұлғаның мүлкін заңда белгіленген тәртіппен бөлуді қамтамасыз етуге міндетті. Бұл талаптар Азаматтық кодекстің 50 және 51-баптарында көзделген. Сонымен қатар, Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс беруші ұйым таратылған жағдайда қызметкерлермен еңбек шартын заң талабына сәйкес тоқтатып, оларға тиесілі еңбекақыны, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны және заңда көзделген өзге де төлемдерді толық көлемде төлеуге міндетті. Ал салықтық міндеттемені орындау барысында Салық кодексінің талабына сәйкес бюджет алдындағы барлық берешектер өтеліп, белгіленген салық есептілігі уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылуы тиіс. Осыдан кейін ғана заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден шығару рәсімі аяқталады.

Заңды тұлғаны тарату – бірнеше мемлекеттік органның қатысуымен жүзеге асырылатын күрделі құқықтық рәсім. Оның талапқа сай жүргізілуі кредиторлардың, қызметкерлердің, құрылтайшылардың және мемлекеттің заңды мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тарату барысында барлық рәсімдердің уақытылы әрі дұрыс орындалуы, қажетті құжаттардың толық рәсімделуі және заңнама талаптарының сақталуы ерекше маңызға ие.

Гүлнар САҒЫНБЕКОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы



ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялап отыр.

Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, карпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок

Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен біз!

Құрметті байқауқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқа-

сында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студент. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Несібе» Ломбард» ЖШС (БСН 090340011725) микро-қаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған 2021 жылғы 22.02 № 17.21.0021.Л лицензияның қолданылуының тоқтатылатыны және ломбард қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Барлық талаптар мен шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, 16 шағынаудан, 31-үй, 62-пәтер.

4. «ШАРАП и К» ЖШС (БСН 050940001267) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Коперник көшесі, 124-үй, 103-кенсе.

8. «Орион Глобал» ЖШС (БСН 100140005609) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, А.Жұбанов көшесі, 18-үй. Тел. 8 702 526 32 32.

9. «PHOENIX-LESSOR» ЖШС (БСН 010440000818) (ҚР, Астана қаласы, 010000, Циолковский көшесі, 18-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Циолковский көшесі, 4, 5-қабат. Тел. 8 7172 54 16 48.

16. «Парыгин» ЖШС (БСН 000140005747) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050039, ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Дағыстан көшесі, 7-үй, тел. 8 747 975 35 09, 8 777 265 00 53.

21. «Махамбет бөбекжайы - балабақшасы» ЖШС (БСН 260140034991) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылы, Қызылқанат көшесі, 73-ғимарат, индекс 161000.

ӘРТҮРЛІ

3. Алматы қаласы мен Алматы облысы пәтерлерінің меншік иелерінің назарына! «Capital Prom LTD» ЖШС үйшілік газ жабдығына (ВДГО) қызмет көрсету қызметін жеткізуші болып табылады. 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап біздің қызметтерге баға әр нүктеге 135 теңгені құрайды. Әкімшілік.

5. «Қазсушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы 2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында кәсіпорынның «Сергеев, Петропавл су тораптарының су қоймалары бар тірек гидротехникалық құрылыстарының көмегімен жер үсті ағынын реттеу» реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы туралы тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдау 2026 жылғы 30 шілдеде сағат 11: 00-де Петропавл қ., К. Сүтюшев к-сі, 58, мекенжайы бойынша «ZOOM» бейнеконференц байланыс жүйесінің көмегімен онлайн өтеді. Бейнеконференция идентификаторы: 514 485 10 70. Кіру коды: 1 2 3 4 5. Осы тыңдауға қатысуға ниет білдірушілерден 8-7152-46-33-94 телефоны бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кенсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. /факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен _____

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурсқа жолдаған атты шығарманың авторлық құқық «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығармамды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

20. «Tauran Insurance» сактандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) өз сактанушыларды (сактандырылушыларды, пайда алушыларды) мына туралы хабардар етеді.

24.06.2026 ж. Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен «көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру» (КҚИ АҚЖМС) класы бойынша сактандыру портфелін басқа сактандыру ұйымына беру туралы шешім қабылданды (№3 Хаттама).

Сактандыру портфелі берілетін сактандыру ұйымы заңнамада белгіленген тәртіппен айкындалатын болады және бұл туралы өз клиенттеріне қосымша хабарланады.

Сұрақтары бойынша мына мекенжайға хабарласа болады: Алматы қаласы, 12 шағынаудан, 23Б үй, тел. 8 (727) 339-23-00, 8 (727) 339-23-03.

МҰРАГЕРЛІК

7. 10.06.2026 ж. қайтыс болған Бәшбен Қуаныш Жүсіпбекұлының атынан мұра ашылды. Барлық мұрагерлері ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288-ғимарат мекенжайы бойынша нотариус Г. Ж. Сүлейменоваға жүгінуі керек. Тел.+7 702 255 86 92.

13. 17.12.2012 ж. қайтыс болған Баймуратова Гульмира Балтабаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шмелі ауданы, Шмелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 30.

ЭКОЛОГИЯ

БАЛҚАШ ПЕН АЛАКӨЛДІҢ ТАРТЫЛУЫ
ТАБИҒИ АПАТҚА АЛЫП КЕЛЕДІ

«Судың да сұрауы бар». Жетісудың қос інжуі – Балқаш пен Алакөл дабыл қағып тұр. Бұл көлдерді сақтау – біздің ұрпақ алдындағы ең үлкен парызымыз.



Жетісу жері ежелден өзен мен көлге бай, берекелі өлке. Алайда бүгінде осы өлкенің экологиялық тепе-теңдігінің тірегі болып отырған Балқаш пен Алакөл бассейндері үлкен антропогендік және климаттық қысымға ұшырауда. Су деңгейінің ауытқуы, трансшекаралық өзендердің тартылуы және туризм мен өндірістің ретсіз дамуы бұл бірегей экожүйелерді жойып жіберу алдында тұр. Егер біз қазір батыл қадамдарға бармасақ, Арал қасіреті Жетісу аймағында қайталануы әбден мүмкін.

Балқаш көлі – әлемдегі ең ірі жар-тылай тұщы, жартылай тұзды бірегей су айдыны. Оның тағдыры тікелей Іле өзеніне байланысты. Іле өзені суының 70%-ға жуығы көрші Қытай Халық Республикасы аумағынан бастау алады. Көрші елдегі ауыл шаруашылығы мен өндірістің қарқынды дамуы, суды жаппай бұрпы алуы көлге келетін су көлемін жылдан-жылға азайтуда. Сондай-ақ ішкі су ресурстарын үнемді пайдаланбау, ескірген суару каналдарындағы шығындар мен Қапшағай су торабының жұмыс режимі де Балқаштың деңгейіне кері әсерін тигізіп отыр.

Ал Алакөл – өзінің емдік қасиетімен белгілі, Жетісу мен Абай облыстарының шекарасындағы бағалы байлығымыз. Бірақ соңғы жылдары жағалаудағы демалыс орындарының көріз (канализа-

ция) жүйелерінің талапқа сай еместігі, шайынды сулардың жер асты сулары арқылы көлге жылыстауы су сапасын төмендетуде. Жазғы маусымдағы тонналаған пластик пен тұрмыстық қалдықтар экожүйені улап жатыр.

Осы мәселелерді шешу үшін «Байтақ» партиясы көп ізденіп, 4 кешенді жолды ұсынып отыр. Себебі бұл мәселені жай ғана бақылап отыру – болашаққа киянат. Жетісу су айдындарын құтқарудың нақты бағдарламасына сай:

1. Дипломатиялық деңгей: Трансшекаралық су келісімдерін қайта қарау маңызды. Қытай Халық Республикасымен Іле және Ертіс өзендерінің суын бөлуге қатысты келіссөздерді жаңа деңгейге көтеруге қажет. Су бөлінісі тек экономикалық мүддеге емес, экологиялық минимумды (көлдің кеуіп кетпеуін қамтамасыз ететін су көлемін) сақтауға негізделуі тиіс. Бұл мәселе халықаралық конвенциялар шеңберінде қатаң қорғалуы керек.

2. Ауыл шаруашылығында суды үнемдеу технологияларына көшу кезек күттірмейді. Іле-Балқаш бассейніндегі су шығынын азайту үшін ескі құбырлар мен ашық топырақты каналдарды реконструкциялап, судың жерге сіңіп, ысырап болуын тоқтату керек. Сондай-ақ аймақтағы дикандарды саямшыланып және жаңбырлатып суару технологияларына көшуге міндеттеу, бұл

технологияларды мемлекет тарапынан 100% субсидиялау оң нәтижеге жетелері анық. Суды көп қажет ететін дақылдар (мысалы, күріш) алқаптарын оңтайландыру керек.

3. Алакөлде қатаң экологиялық аудит пен инфрақұрылым орнатудың да пайдасы бар. Ол үшін Алакөл жағалауындағы әрбір демалыс орнына заманауи, локальді су тазарту қондырғыларын (септиктер емес, толық биологиялық тазарту станцияларын) орнатуды заң жүзінде міндеттеу қажет. Талапқа сай еместерін маусымдық жұмыстан шеттетіп, жағалау аймағында орталықтандырылған көріз жүйесін жүргізу жобасын жеделдету кезек күттірмейді.

4. Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясының өкілеттігін күшейту де бүгінгі талаптың бірі. Экологиялық бақылау жасаушы органдардың мәртебесін көтеріп, су айдындарын ластаған өндіріс орындары мен кәсіпорындарға қолданылатын айыппұл көлемін арттыруға мән берген жөн. Көл маңындағы заңсыз балық аулау (браконьерлік) мен табиғи парктердегі заңсыздықтарға толықтай тосқауыл қою да белгілі бір жетістіктерге жақынатады.

Балқаш пен Алакөл – жай ғана географиялық нысан емес, бұл Жетісудың жанды ағзасы. Көлдер тартылса, аймақта климат өзгереді, соққан тұзды шаң мен дауыл құнарлы жерлерді шөлге айналдырады. Бұл – әлеуметтік-экономикалық апат пен жұмыссыздыққа әкелетін тікелей жол.

«Байтақ» жасылдар партиясы Жетісу халқының, болашақ ұрпақтың таза су мен аман-сау табиғатта өмір сүру құқығын қорғауды өзінің басты миссиясы деп біледі. Суды сақтау мемлекет пен қоғамның бірлескен батыл іс-қимылынан басталады!

Жұмабек БАСТАУБАЕВ,
«Байтақ» жасылдар партиясы
төрағасының орынбасары

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ
ПӘРМЕНІ МЫҚТЫ

көрсете алады. Бұл әлеуметтік желінің адамдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін дәлелдейді.

Сонымен қатар әлеуметтік желі жастардың білім алу мүмкіндігін кеңейтіті. Бұрын қосымша білім алу үшін арнайы орталықтарға барып, көп уақыт жұмсау қажет болса, бүгінде сапалы білім бірнеше батырманы басу арқылы қолжетімді. Мысалы, @juz40_online және @arystan_online_academy сияқты

Қайырымдылық, бағытындағы жобалар әлеуметтік желінің, қоғам үшін маңызды күшке айналғанын көрсетеді. Мәселен, @xaraket_xory_official және @asagume.kz секілді қорлар әлеуметтік желі арқылы мұқтаж отбасыларға қаражат жинап, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Бір ғана жарияланымын, арқасында жүздеген, тіпті мыңдаған адам бір мақсатқа бірігіп, нақты көмек көрсете алады. Бұл әлеуметтік желінің, адамдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін дәлелдейді.

білім беру платформалары оқушылар мен талапкерлерге түрлі пәндер бойынша сабақ өткізіп, жоғары оқу орындарына түсуге дайындалуға көмектеседі. Мұндай жобалар жастардың өз қабілетін дамытуына және сапалы білім алуына жол ашады.

Әлеуметтік желі арқылы кәсіп үйреніп, жаңа мамандық игеріп жатқан азаматтар да аз емес. Өртүрлі сарапшылар мен мамандар өз тәжірибелерін бөлісіп, тегін кеңестер береді. Нәтижесінде адамдар өзін-өзі дамытуға, жаңа дағдылар меңгеруге және еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға мүмкіндік алады. Әлеуметтік желінің тағы бір маңызды ерекшелігі – ақпараттың жедел таралуы. Қоғамдағы өзекті мәселелерді

көтерген, азаматтардың үнін жауапты мекемелер ести бастайды. Кейбір әлеуметтік проблемалар дәл осы интернет кеңістігінің арқасында шешімін тауып жатады. Бұл қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етуде.

Әрине, әлеуметтік желінің теріс тұстары да жоқ емес. Кей жағдайда адамдар виртуалды әлемге шамадан тыс беріліп, шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа жеткілікті көңіл бөлмеуі мүмкін. Сондықтан

цифрлық кеңістік пен нақты өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Әлеуметтік желі адам өмірін толық алмастырмайды, бірақ оны тиімді пайдаланған жағдайда үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.

Бүгінде әлеуметтік желі тек ойын-сауық құралы емес. Ол – білім беретін, қайырымдылықты дамытатын, қоғамды біріктіретін және игі істерге бастайтын маңызды ақпараттық алаң. Сондықтан оның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану әрбір азаматтың өз қолында.

Дана МЕЛС,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
2-курс студенті

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Статистикалық деректерге қарайтын болсақ, өлімізде тіркелген қылмыстардың саны 2016 жылдан бері төмендеп келе жатыр. Оған дейін ол бірде өсіп, бірде төмендегенмен, қазіргідей көрсеткіш ешқашан тіркелмеген болатын. Атап айтқанда, 1991–1994 жылдары қылмыс деңгейі 10 мың адамға шаққанда 104-тен 118-ге дейін өскенімен, 1995–2010 жылдары 108-ден 81-ге дейін азайған. Ал 2011–2015 жылдары 125-тен 221-ге дейін көбейіп, 2016-2025 жылдары 203-тен 61-ге дейін төмендеген.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА
НЕГЕ ҚЫЛМЫС АЗАЙМАЙ ТҰР?



Бұл бір қарағанда жай ғана сандар боп көрінуі мүмкін. Алайда оның әрқайсысының артында үлкен тарих бар. Көп адам соңғы 35 жылда Ішкі істер министрлігінде 12 рет басшы ауысқанын білмеуі мүмкін. Сондықтан Михаил Берсенёв, Владимир Шумов, Болат Баекенов, Қайырбек Сүлейменов, Болат Ысқаков, Зауытбек Тұрысбеков, Бауыржан Мұхамеджанов, Серік Баймағамбетов, Қалмұханбет Қасымов, Ерлан Тұрғымбаев, Марат Ахметжанов, Ержан Сәденовтің аты-жөндерін рет-ретімен атап бере алмайды. Олардың әрқайсысы өз деңгейінде қызмет жасап, халық тыныштығының бұзылмауын қамтамасыз етті. Бұдан бөлек ішкі істер органдарының түрлі саласында қызмет еткен және әлі де еңбек етіп келе жатқан мыңдаған маман күн-түн демей өз міндетін абыроймен атқаруда. 35 жылдың ішінде полицияның аты ғана емес, заты да көп өзгеріске түсті. Оны Ұлттық статистика бюросының жылына екі мәрте жүргізетін құқық қорғау органдарына деген халық сенімін анықтау үшін жүргізетін сауалнамалық зерттеуінен де байқауға болады.

ІСТІ БОЛЫП СОТТАЛҒАН
МИНИСТР.ЛЕР

Ішкі істер органы жетекшілері арасында істі болып, сот үкімімен жаза аркалагандар да болды. Соның біреуі – Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев. Оған 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасынан» кейін ауыр зардаптарға әкеп соққан билік пен лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (Қылмыстық кодекстің 362-бабының 4-бөлігі) бойынша айып тағылды. Е.Заманбекұлын Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты 2024 жылдың тамыз айында 5 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырған.

Оған дейін 2009–2011 жылдары министрлікті басқарған соң 2011–2012 жылдары Қаржы министрлігінің Кендеші бақылау комитеті төрағасы болған Серік Нұртайұлы Баймағамбетов те істі болған еді. Оған ірі көлемде пара алғаны және қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін 2013 жылдың қаңтарында 10 жылға қатаң режимдегі колонияда жазасын өтеуге сот үкімі шыққан болатын. Алайда кейін оған Президент Жарлығымен рақымшылық жасалып, 2015 жылдың ақпанында шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды. Бұл жағдай Қазақстан полициясы тарихындағы ең шулы екі іс болып отыр.

ҚЫЛМЫС АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫНДА ҒАНА
КЕМІМЕЙ ТҰР

Құқықтық статистика порталының мәліметі бойынша, биыл алғашқы бес айда 47565 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 10,9 пайызға аз. Биыл қылмыстық құқық бұзушылықтардың көбі Алматы

(8732), Астана (5899), Шымкент қалалары (2582) мен Алматы (4010), Қарағанды (2207), Ақтөбе (2241), Түркістан (2006) облыстарында, ең азы Солтүстік Қазақстан (1203), Маңғыстау (1128), Қызылорда (1111) облыстарында тіркелді. Осы арада өңірлер арасында биыл қылмыстық құқық бұзушылықтың тек Алматы облысында ғана өскенін (3926-дан 4010-ға дейін) айта кеткен жөн шығар. Бұл жағдайға қарап 2024 жылға дейін облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, одан кейін бастық болып отырған Мейрам Жұменқұлы Әбікеевтің қызметіне сын айтушылар болуы мүмкін. Дегенмен өңірдегі тіркелген қылмыстардың саны 2024 жылғы алғашқы 5 айда – 4481, ал 2025 жылғы 5 айда – 3926 болғанын да естен шығармаған жөн шығар. Ал биылғы көрсеткіштің 3926-дан 4010-ға өсуін М.Әбікеевтен өзге ешкім түсіндіре алмайды.

КӨРСЕТКІШТЕР КӨҢІЛДЕН
ШЫҚПАЙДЫ

Биыл елімізде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтарды ауырлық санаттары бойынша қарастыратын болсақ, аса ауыр 7,6% (581-дан 537-ке дейін); ауыр 5,7% (15765-ден 14862-ке дейін); орташа 13,6% (18792-ден 16245-ке дейін) ауыр емес қылмыстардың 2,9%-ға (7913-ден 6892-ге дейін) төмендегенін көруге болады. Ал қылмыстың жекелеген құрамдары бойынша: кісі өлтіру (ҚР ҚК 99-б.) 2,2% (179-тен 175-ге дейін); ұрлық (ҚР ҚК 188, 188-1-б.) 16,0% (10038-тен 8434-ге дейін); алаяқтық (ҚК 190-б.) 13,2% (18724-нан 16257-ге дейін); тонау (ҚК 191-б.) 23,4% (495-ден 379-ге дейін); қарақшылық (ҚК 192-б.) 38,9% (36-дан 22-ға дейін); бұзақылық (ҚК 293-б.) 3,7% (544-ден 524-ге дейін); бопсалау (ҚК 194-б.) 21,8% (331-тен 259-ге дейін); есірткіге байланысты қылмыстардың (ҚК 296-303-б.) 9,0% (3643-ден 3316-ге дейін) төмендегені байқалды. Тек зорлау (ҚК 120-б.) ғана былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда – 9,0 пайызға (177-ден 193-ке дейін) өскені тіркеліп отыр.

Осының өзі Алматы облысындағы қылмыспен күреске жаңаша жоспар, жіті қадағалау керектігін алға шығарады. Басқа өңірлердің қылмыстың алдын алуға, құқықбұзушылықтарға тосқауыл қоюға байланысты қолға алған іс-шараларының нәтижесі айқын байқалып отыр. Ал Алматы облысы не себепті қылмысты тежеуге қауқар таныта алмайды? Бұл полиция қызметінің басшылығында отырған азаматтардың білкісздігінің белгісі ме, әлде аймақтағы құзырлы органдарға деген сенімнің төмендігінің көрінісі ме? Өйткені, қадағалау мықты болса, қылмыскерлер де аяғын байқап басады.

Ерлік ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиір Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 97 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31